

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.467-469

## **АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» БАҒЫТЫНДАҒЫ РӨЛІ**

*Келісұлы Е.*

Қазақстан 2050 – бұл қазіргі таңдағы ҚР-ның ұстанған басты бағыты. Халықтың игілігі үшін барлығы да екшеліп, өлшенген жоба. Өмірдің сан қырлы сәттеріне дейін ескеріліп, жаһандану заманындағы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін сан мәрте асыра түсетін стратегия. Саны күн санап емес, сағат сайын өсіп жатқан адамзат қоғамын алаңдататын басты мәселе ол, халықты сапалы азық –түлік пен қамтамасыз ету. Кейбір халықтар аштық пен сусыздықтың азабын шегіп жатқанда қойнауы толы қазба байлық пен әлемдегі тоғызыншы орындағы аумақты иеленіп жатқан Қазақстан халқы үшін сапасыз азық түлік қолдану- елдігімізге сын болары анық.

Соған сай Президент жарлығына түсіндірмеде, «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды», деп аталып өтілген [1].

Агроөнеркәсібі өзгелерден көш ілгері дамыған еліміз үшін табиғи сапалы астықты экспортқа шығару мұнайдан кейінгі басты экономикалық мәселе болып табылады. Одан түсетін пайданы еселей түсу үшін және астық алқаптары тозбауы үшін біз жасыл экономикаға көшуге міндеттіміз. Осыған орай Ауыл шаруашылығы министрлігі бірнеше басым бағыттарды белгіледі. Енді солардың бірнешеуіне көз жүгіртсек:

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

- 1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;
- 2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;
- 3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;
- 4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

1 – кесте. «Жасыл» экономиканың мақсаттары мен нысаналы индикаторлары (қосымша мақсаттар бөліп көрсетілген)

Сектор	Мақсаттың сипаты	2030 ж.	2050 ж.
Ауаның ластануы	Қоршаған орта ғақүкірт және азот оксидінің шығарындылары	Шығарындылардыңеуропалықдеңгейі	95%
Қалдықтардыкәдегежарату	Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен халықты қамту	100%	95%
	Қоқысты санитарлық сақтау	95%	100%
	Өңделген қалдықтар үлесі	40%	50%

«Қоқыс қалдықтарды қайта өңдеу қаланың өзекті проблемасының бірі болып қалып отыр. Әлемдегі жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бұл проблеманы оңтайлы шешуге толық мүмкіндік бар. Мәселен, Швейцарияда әрбір тұрғын қоқысты сұрыптап төгуге міндетті: шыныны шыныға, металды металға, қағазды қағазға. Соның нәтижесінде, шыны сауыттардың 90 пайызы, қағаз өнімдерінің үштен бірі қайта өңдеуге пайдаланылады. Осыдан келіп, Швейцария мен Сингапур сияқты елдер әлемдегі экологиялық ең таза мемлекеттердің қатарында есептеледі. Ал, бізде Алматыдағы қоқыс өңдейтін жалғыз кешен бір жылдан бері жұмыс істемей тұр».

Міне, ҚР Президенті тура осылай деді. Жалпы, қоқыс өңдеу ісі үлкен табыс әкелетін пайдалы сала. Әлемде «Қоқыс ханшайымы» (мусорная королева) атанған қытайлық Чжан Инь өзінің миллиондарын осы қоқыстарды өңдеу арқылы тапқан. Не жоғары білімі жоқ, не сүйенетін адамы жоқ, тапқаны тамағынан артылмайтын Чжанды қалталы жандардың қатарына қосқан – еңбекқорлығы, табандылығы. Біз ұсақтарды ескере бермейміз. Байысақ, мұнай сатып, жерімізді жалға беріп, ауқатты атануды жөн көреміз. Ал, қоқысты өңдеу... Намыс секілді.

Қатты-тұрмыстық қалдықтарды жинақтау, оны жою, өңдеу өте күрделі және өзекті мәселе: - табиғат пайдаланушылардың қалдықтарды есепке алу, өңдеу және залалсыздандыру жұмысындағы жеке жауапкершілігін күшейту, әрі шығарылатын қалдық мөлшерін азайту шараларын енгізуді талап ету; - барлық елді мекенде 2-ші санаттағы қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап жинақтау жүйесін енгізу; - қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйелер мен өндірістік қуатты дамыту, өндірісте пайдаланылған үлкен қалдықтарды екінші қайтара игеруді жүзеге асыру [2].

Осы ұсыныстар толық жүзеге асатын болса қалдықтарды игеру мәселесінде бір қатар жұмыстар орынды шешімін табар еді.

Қазіргі таңдағы агроөнеркәсіптің жасыл экономикасының ең басты алғы шарты болып –жасыл желекке оранған орман-тоғайлар саналатыны

сөзсіз. Бірақ оттегімен қамтамасыз етіп отырған ормандарды отау біздің қоғамымыздың бас қатырар ең күрделі дертіне айналып кеткені қашан?! Шыршасы мен қайыңы қатар өскен, ит тұмсығы батпайтын ну ормандар бүгінгі таңда үлкен антропогенді әсерді сезінуде. Қоғам даму деңгейіне және өндірістік құрал-жабдықтардың қазіргі кезде жоғары дамуы дәрежесіне қарай туатын адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін орманды әртүрлі мақсатта пайдаланады. Алайда, орман ресурстарын тиімді пайдалануды ескеру қажет. Орманды тұтынуды жақсарту, орманды сақтап қалу және молайту барысында техникалық және дәрілік шикізаттар, азық-түлікке пайдалану мақсатында қолдану тиіспіз. Осыған орай мемлекет аумағында орманның экологиялық рөлі және халық шаруашылық рөлі, экономикалық рөлі ұлғайып отыр. Демек, жоғарыда айтылып отырған «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың бір мақсаты, ол өндірістің қоршаған ортаға тигізетін залалын азайту. Осы мақсатты болмысқа немесе жүзеге асыру үшін орман алқаптары зор үлес тигізе алады. Оның бір де бір дәлелі ол 1983 жылы Р.В Бобровтың мәліметі болып есептеледі. Бобровтың мәліметі бойынша 1 га ең жақсы ағаш алқабы жыл сайын 4,5-6,5 т көмірқышқылды сініріп, 3,5-5 т оттегі бөліп шығарады, ал сапасы төмен ағаш алқабы 2,9-4,1 т көмірқышқыл газын сініріп 2,2-3,2 т оттегімен байытады.

Жасыл экономикаға назар аударған мемлекеттердің ішінде Филиппин елінде агроөнеркәсіп кешенінің климаттың өзгеруінің алдын алу мақсатында, сонымен қатар жоғары өнімдер алу әрі климаттың өзгеруін жұмсартуға арналған жасыл жобалар елді мекендердің, әсіресе ауылдық жерлердің экологиясын тұрақтандыру және экономикалық дамуына арналған. Көміртегі құрамы төмен әрі өнім бермейтін жобалар жасыл жобаларға алмастырылуда. Сонымен қатар құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде жасыл дағдаларды қолдану ұсынылады [3].

Осы мәліметтер бойынша біз балама энергия пайдалана аламыз, яғни нәтижелі оттегін шығару фабрикасын құрамыз. Жасыл желек ауаның иондық құрамын қалыпты жағдайда ұстап тұруға жақсы әсер етеді, халықтың қоршаған ортаға қысымы жұмсарады. Сол себептен біз жастар мемлекеттің экологиялық қарқындылығына ілесе отырып, елбасымыздың бізге артқан сенімін, үмітін ақтау керек.

### **Әдебиетер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі ұсыныс. -2013.-С. 25-27.

2. Рахимова Г.А. э.ғ.к., Базылжанова А.С. э.м. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.- 2015. –С. 13-15.

3. Web of Science: Montefrio, Marvin Joseph FDressler, Wolfram H., The Green Economy and Constructions of the "Idle" and "Unproductive" Uplands in the Philippines. WORLD DEVELOPMENT. Том: 79. Стр.: 114-126. MAR 2016 DOI: 10.1016/j.worlddev.-2016

*Ғылыми жетекшісі: А.К. Есмұрзаева, а.и.ғ.к., доцент*